Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
/Қ Ы С Қ А Ш А/

03 мамыр 2024 жыл № 3115-24-00-2/830 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.И.Таусаров азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Алла Николаевна Луговая

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4-бабын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорның жауапкер жеке кәсіпкер Алла Николаевна Луговаяға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы –қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Алла Николаевна Луговая мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Алла Николаевна Луговаядан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер осы сот шешімінің көшірмесін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа осы шешімді бұзу туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас

Құжатқа қол қойылған: Таусаров С. И., 03.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 18.06.2024, судья Таусаров С. И., 18.06.2024
3115-24-3-1/855

тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күні 03.05.2024 жыл.

Судья С.И.Таусаров

Құжатқа қол қойылған: Таусаров С. И., 03.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.06.2024, судья Таусаров С. И., 18.06.2024

3115-24-3-1/855